IQAA

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

# Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

**6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7M01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті»**

**ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ АККРЕДИТАЦИЯСЫ**

**Нұр-Сұлтан 2021**

# СОСТАВ ВНЕШНЕЙ ЭКСПЕРТНОЙ ГРУППЫ



**Абсатова Марфуга Абсатовна**
**Руководитель группы, эксперт**
Профессор кафедры педагогики и психологии, доктор педагогических наук,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая



**Иконникова Галина Юрьевна**
**Международный эксперт**
Доцент кафедры психологии профессиональной деятельности
РГПУ им. А.И. Герцена, кандидат психологических наук, г. Санкт-Петербург



**Кыяхметова Шара Асетовна**
**Национальный эксперт**
Доцент кафедры «Казахский язык», к.ф.н.,
Жетысуский университет имени И. Жансугурова



**Саржанова Ғалия Байжұмақызы**
**Национальный эксперт**
Заведующая кафедрой теории и методики иноязычной подготовки, PhD
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова



**Калиева Эльмира Измухановна**
**Представитель работодателей**
Директор филиала АО «Национальный центр Повышения квалификации «ӨРЛЕУ» «Институт повышения квалификации педагогических работников по Мангистауской области»



**Муслимова Гульмира Сансызбаевна**
**Представитель студенчества**
Магистрант 1 года обучения специальности 7М01102-Педагогика и психология, Таразский инновационно-гуманитарный университет



**Абдашим Данияр Сахибжанулы**
**Представитель студенчества**
Студент 4 курса специальности «Иностранный язык»,
Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова

Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности.

IQAA

***Уровень соответствия отчета по самооценке образовательной программы 6В01701-Казахский язык и литература фактическому состоянию дел Каспийского университета технологий и инжиринга имени Ш. Есенова по каждому стандарту***

| **Стандарты** | **Отметьте уровень соответствия отчета о самооценке фактическому состоянию дел в университете для каждого стандарта** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Полное соответствие** | **Значительное соответствие** | **Частичное соответствие** | **Не соответствие** |
| *Стандарт 1* Политика в области обеспечения качества образовательной программы и академическая честность | + | | | |
| *Стандарт 2* Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией | | + | | |
| *Стандарт 3* Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка | + | | | |
| *Стандарт 4* Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация | + | | | |
| *Стандарт 5* Профессорско-преподавательский состав | | + | | |
| *Стандарт 6* Учебные ресурсы и поддержка студентов | + | | | |
| *Стандарт 7* Информирование общественности | + | | | |

,

***Уровень соответствия отчета по самооценке образовательной программы 7M01701-Казахский язык и литература фактическому состоянию дел Каспийского университета технологий и инжиринга имени Ш. Есенова по каждому стандарту***

| Стандарты | Отметьте уровень соответствия отчета о самооценке фактическому состоянию дел в университете для каждого стандарта | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Полное соответствие | Значительное соответствие | Частичное соответствие | Не соответствие |
| *Стандарт 1* Политика в области обеспечения качества образовательной программы и академическая честность | + | | | |
| *Стандарт 2* Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией | | + | | |
| *Стандарт 3* Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка | + | | | |
| *Стандарт 4* Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация | + | | | |
| *Стандарт 5* Профессорско-преподавательский состав | | + | | |
| *Стандарт 6* Учебные ресурсы и поддержка студентов | + | | | |
| *Стандарт 7* Информирование общественности | + | | | |

# МАЗМҰНЫ

**1 ТАРАУ. МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ**
Кіріспе………………………………………………………………………. 5
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы………………………………………………… 6
**2 ТАРАУ. САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ**
Мамандарылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестік
Кіріспе……………………………………………………………………… 7
*Стандарт* 1
Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапанын қамтамасызыз ету саласындағы саясат...………….................. 8
*Стандарт* 2
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару….. 12
*Стандарт* 3
Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау…………...... 14
*Стандарт* 4
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау……………….... 17
*Стандарт 5*
Профессорлық-оқытушылық құрам ……………………………………......... 20
*Стандарт* 6
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау ……………………………..…… 23
*Стандарт* 7
Жұртшылықты ақпараттандыру.....…………………………………………… 25
**3 ТАРАУ**
**ҚОРЫТЫНДЫ**………………………………………………………………… 27
**ҚОСЫМШАЛАР**
*Қосымша 1*
Сыртқы бағалаудың бағдарламасы ………………………………………… 29
*Қосымша 2*
Сұхбатқа қатысқандардың тізімі .....……………………………………… 32
*Қосымша 3*
ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар.......................………………38

## 1 ТАРАУ

## МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

### Кіріспе

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде бағдарламалық аккредиттеу рәсімі аясында сарапшылар тобының сыртқы сапары 2021 жылдың 11-12 мамыр аралығында өтті.

Сыртқы аудит IQAA әзірлеген және университет басшылығымен келісілген бағдарламаға сәйкес өтті. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, Университеттің білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған аккредиттеу процедурасы үшін сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне Білім беру ұйымына сапар басталғанға дейін ұсынылды, бұл сыртқы бағалау процедурасына уақытылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Университет басшылығымен кездесу барысында сарапшылар тобы академияның жалпы сипаттамасы, соңғы жылдардағы жетістіктері мен білім

беру бағдарламалары және ЖОО-ның болашақта даму бағыттары туралы ақпарат алды.

Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шаралар университет құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедралардың профессорлық-оқытушылық құрамымен, студенттермен, магистранттармен және докоранттармен, академия түлектерімен, жұмыс берушілерімен толық танысуға мүмкіндік берді және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларын өзіндік бағалау бойынша есеп мәліметтерінің оқу орнындағы іс жүзіндегі жай-күйіне сәйкестігін тәуелсіз бағалау жүргізуге мүмкіндік берді.

Университеттің білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау бойынша есебі арнайы аккредиттеу стандарттарына сәйкес университет пен құрылымдық бөлімшелердің барлық қызмет салалары талданып, күшті және әлсіз жақтары анықталды, одан әрі даму үшін қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктер анықталды. Оқу, ғылыми және әдістемелік процестері туралы, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаны ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу үшін, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ білім алушылармен және қызметкерлермен жұмыс орындарында қарым-қатынас жасау мақсатында көзбен шолып қарау өткізілді. Сарапшылар кафедраларды, бөлімдер мен орталықтарды, ҚОО, кітапхананы, медпункт және физикатерапевтік кабинетті, ҒЗИ, спортзалды, жазғы спорт алаңы мен денсаулығы нашар студенттерге арналған тренажер кабинеттерін тексерді.

Сыртқы аудитті жүргізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттарын зерделеуді және құжат айналымымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен егжей-тегжейлі танысу

мақсатында аккредиттелетін бағдарламалар бағыттары бойынша оқу сабақтарына іріктеп аралау жүргізілді.

Университетте көп деңгейлі білім беру жүйесі жұмыс істейді: жоғары оқу орны (бакалавриат), жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура және докторантура).

***ЖОО-ның негізгі сипаттамасы***

(Негізгі қаланған жылы, лицензия №, меншік түрі, ректордың ТӘЖ, оқыту түрі, сыртқы аудит мерзіміне студенттердің саны, бітірушілердің саны, факультеттер/бөлімдердің және білім беру бағдарламаларының саны, ПОҚ, қызметкелердің саны мен дәрежесі, ҒЗЖ, басқа да маңызды дәйектемелер)

## *2 ТАРАУ*

## *САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ*

***Кіріспе***

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді даярлау ҚР БҒМ-нің 14.12.2012 жылы берілген №12019076 мемлекеттік лицензиясы мен ҚР БҒМ-нің 25.07. 2020 ж. берілген KZ 84LAA00018477 лицензиясы негізінде жүзеге асырылады. 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы АБ №12019076 (14.12.2012 ж.) лицензиясы негізінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына, бакалавриат және магистратура даярлау бағыты бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жүзеге асырылуда.

Жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын меңгеруде қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша «білім бакалавры» академиялық дәрежесі берілсе, 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық ғылым магистрі академиялық дәрежесі беріледі.

Бакалавриат бойынша студент саны-203, магистратура бойынша-28 білім алушыны құрайды.

Сарапшылар тарапынан бағдарламаның құрылымын, мазмұнын, мақсат-міндеттері мен миссиясын, ПОҚ біліктілігі мен студенттер білімінің нәтижелілігін, материалдық-техникалық базасын, жұмыс берушілермен, практика базасымен байланысты қамтыған ББ - ның құжаттарына сараптама жүргізілді.

ЖОО басшыларымен, декан, кафедра меңгерушілерімен, профессор-оқытушы құрамымен, студенттермен, түлектермен және жұмыс

берушілермен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде жалпы 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуына қанағаттану деңгейі байқалды.

Аудит кезінде жалпы оқу корпусы, кітапхана қоры, жатақхана, іс-тәжірибе базасы, асхана, спорт зал, медпункт, тіркеу бөлімі, ғылыми-зерттеу институты, телестудия, оқу аудиториялары, кафедра, қызмет көрсетуші бөлімдер қаралып шықты. Білім беру бағдарламаларын даярлаушы ОПҚ-ның жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда кафедрада 11 оқытушы қызмет атқарады, оның ішінде 10 - ғылым кандидаты, 1 - ғылым докторы, 4 - ҚР «Үздік оқытушысы» атағының иегерлері, сонымен бірге кафедра оқытушылары «Алтынсарин атындағы» сыйлықтың, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағының, «ҚР ғылымын дамытқаны үшін» төс белгісінің, ҚР БҒ министрінің «Алғыс хатының», «Құрмет грамотасының», облыс, қала әкімдерінің «Алғыс хаттарының», «Маңғыстау облысының жыл адамы» атағының иегерлері.

2019-2020 оқу жылы бойынша Атамекен ұлттық рейтингісінен 43 ЖОО-ның ішінде 2-орынды иеленген, сертификаты бар.

Мамандыққа түсу контингенті соңғы жылдары 3 есеге артқан. Биылғы оқу жылында оқуға түскен талапкерлер ішінде екеуі Алтын Белгі иегерлері.

Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 100 пайызды құрайды. Білім беру бағдарламасы бойынша студенттер қабылдау тұрақталған.

ПОҚ оқыту қызметінің лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді және оқытудың жаңа заман әдістеріне сай толыққанды біліміне ие, бұл тиімді оқыту процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

ББ түлектерінің сұранысқа ие болуы және Білім беру бағдарламаларының жоғары кадрлық құрамы талапкерлердің келуін қамтамасыз етеді.

## СТАНДАРТ 1. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

***Дәлелдемелер және талдау:***

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша бакалавр дайындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Ұлттық білім беру жүйесінің, ел мен өңірді дамытудың және ЖОО-ны басқарудың қолданыстағы жүйесінің стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Ол сәйкестікке ББ құжаттарымен, университеттің стратегиялық жоспарымен танысу барысында және аудит кезінде көзіміз жетті. Университеттің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері туралы

ақпараттың жұртшылық үшін қолжетімділігі оларды ЖОО-ның веб - сайтында орналастырумен қамтамасыз етілген (http://yu.edu.kz/yessenov-university/basic-documents). Студенттермен, профессорлық-оқытушылық құраммен және құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен сұхбат барысында олардың барлығы 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен және міндеттерімен жақсы деңгейде танысқандығы анықталды.

Мамандықты шығарушы кафедраның мақсаты филология және әлеуметтік бағыттар бойынша бәсекелестікке қабілетті, білім беру, мәдени ұйымдарда және басқа салаларда кәсіби қызмет етуге дайын мамандарды даярлауға бағытталған. Білім беру бағдарламасы аясында тіл мен әдебиеттің жаңа парадигмаларын дамытатын, Қазақстанның ғылым және білім беру орталықтарында заманауи зерттеулер жүргізуге ықпал ететін, сонымен бірге өз жұмыс нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында жауапкершілігін терең түсінетін мамандандырылған мамандар даярлау жоспарланғаны және сол бағытта жұмыстар атқарылып жатқандығы аудит барысында расталды.

Аудит барысында студенттердің жеке оқу жоспарларының элективті пәндер каталогына (ЭПК) сәйкестігі және пәндердің оқу-әдістемелік қамтылуы, ПОӘК (мамандықтың оқу-әдістемелік кешенін) құрастыру сапасы, ПОӘК (пәндердің оқу-әдістемелік кешенін) құрастыру сапасы кафедралардың профессор-оқытушылар құрамының уақыт нормалары, оқу педагогикалық жүктемесінің есебі, кафедра ПОҚ-ның базалық білімінің оқытылатын пәндерге сәйкестігіне талдау жүргізілді; дипломдық жобалар тақырыптарының өзектілігі мен құрастыру, дипломдық жобаларды жазу бойынша әдістемелік ұсыныстарды құрастыру сапасына талдау жүргізілді, ПОҚ ғылыми-зерттеу жұмысының жоспары және оның орындалуы, сондай-ақ студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының талдауы (СҒЗЖ) және олардың ғылыми білім беру ортасына қатысуы талданды, 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша түлектерді жұмысқа орналастыру және кәсіптік бағдарлау жұмысы бойынша құжаттама зерделенді.

Сыртқы аудит жүргізу кезінде сарапшылар кафедра құжаттамасын зерделеді, құжат айналымымен және іс жүргізумен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен егжей-тегжейлі танысу мақсатында аккредиттелетін білім беру бағдарламасының бағыттары бойынша оқу сабақтарының талдамалары қаралды.

Білім беру бағдарламасының мақсаттарын қалыптастыру кезінде өңірдің және елдің экономикасын дамыту және еңбек нарығының қажеттіліктері ескерілген, сондай-ақ студентке бағытталған оқытуға баса назар аударылған. Университетте сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты қабылдау және бекіту рәсімі табысты жұмыс істейді, жүйелі мониторинг, тиімділікті бағалау жүргізіледі. Сапа саласындағы саясат осы білім беру бағдарламасы бойынша сабақ жүргізетін оқытушылардың барлық ұжымының қатысуымен қайта қаралатындығы, сондай-ақ ОӘК отырысында

талқыланатындығы және университеттің Ғылыми кеңесінде қабылданатындығы құжаттарды қарағанда расталды.

Университетте академиялық адалдықты, академиялық еркіндікті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолдау бойынша әр түрлі шаралар жүзеге асырылады, ЖОО басшылығының, факультет басшылығының оқытушылар мен студенттер үшін қол жетімділігі, пәндерді еркін таңдау, корпоративтік мәдениетті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны сақтау арқылы, сондай-ақ жоғары басшылықтың студенттермен семестрлік кездесулері және факультет декандарымен ай сайынғы кездесулер арқылы сұраныстарға жауап беру дәстүрі қалыптасқан. Моралдік кодексті барлық оқытушылар мен студенттер сақтайды, бұл академиялық адалдықты қамтамасыз етеді.

Білім және ғылым саласындағы ұлттық және аймақтық басымдықтарды жүзеге асыратын университет өзін сапалы қызмет көрсететін инновациялық оқу орны ретінде көрсетеді. Студенттерді азаматтық жауапкершілікке, патриотизмге және интернационализмге тәрбиелеу, бұл мемлекеттік тұрақтылық саясатына, барлық ұлттардың, мәдениеттер мен діндердің адамдары арасындағы өзара түсіністікке сәйкес келеді.

Студенттерді даярлау кезіндегі бакалавриаттың білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- толыққанды және сапалы білім алу, кәсіби құзыреттілік;
- студенттердің теориялық және практикалық жеке дайындығын тереңдету;
- студенттердің зияткерлік дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін неғұрлым маңызды және тұрақты білімді игеруі;
- адамгершілік, этикалық және құқықтық нормаларды, ойлау мәдениетін меңгеру, шығармашылық әлеуетті, бастамашылық пен жаңашылдықты дамыту;
- кәсіби ұтқырлыққа кепілдік беретін ғылымдар тоғысындағы іргелі курстарды игеру;
- білім алушылардан олардың барлық белсенді тіршілік әрекеті барысында жаңа білімді өз бетінше меңгеру қажеттілігі мен дағдыларын, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыру;
- кәсіби мәдениеті жоғары мамандарды даярлау.

Білім беру бағдарламасының белгілі бір мақсаттары мен міндеттерінің тиімділігін бағалау мақсатында тиісті ішкі қызметтермен кафедралардың қызметіне жүйелі ішкі тексерулер жүзеге асырылады, білім беру бағдарламасының мақсаттарын іске асыру тиімділігіне талдау жүргізіледі.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша элективті пәндер каталогы мемлекеттік білім беру стандарттарында (МЖМБС) айқындалған кәсіби білімді толық көлемде меңгеруге мүмкіндік беретін пәндер тізбесінен тұрады.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді оқыту сапасын арттыруға бағытталған соңғы үш жылдағы қызметтің негізгі нәтижелері:

-университеттің жеткілікті материалдық-техникалық базасы, мамандандырылған зертханалар мен кабинеттердің болуы;

- Ақпараттық технологиялар мен ресурстарды дамытудың жоғары деңгейі;
- кафедра филиалдарының болуы;
- практикалық қызметкерлерді оқытуға тарту;
- көшпелі сабақтарды үнемі өткізу;
- ПОҚ біліктілігін тұрақты арттыру;
- грант бойынша оқитын студенттердің болуы;
- академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамыту.

Білім беру бағдарламасының мақсаттары ашық, айқын, білім беру жүйесінің барлық бағыттарын қамтиды. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - аталған стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз ету және тұтынушылар талаптарын қанағаттандыру. Мақсаттарға қол жеткізудің тиімді механизмдері бар және үнемі толықтыруларлармен өңделіп отыратындығы да байқалды. Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауда ұлттық және аймақтық мүдделер ескерілген. Білім беру бағдарламасының айқындығы мен дамуы қоғам, экономика, еңбек нарығы сұраныстарына сәйкес.

Университетте сапамен қамтамасыздандыру саясаты саласы жоспарлы түрде іске асырылатындығы, ректор, проректорлармен жүргізілген сұхбат, оқу-жұмыс жоспары мен пәннің оқу бағдарламалары, шығарушы кафедраның хаттамалары мамандарды даярлау сапасына үнемі көңіл бөлінетіндігін және осы бағытта әртүрлі іс-шаралар атқарылатындығын дәлелдейді.

ББ мақсатының тиімділігін бағалау үнемі талқыланып отыратындығы факультет кеңесі және кафедра мәжілісі хаттамаларында көрініс тапқан.

Студенттердің оқу үлгерімін, студенттердің ҒЗЖ сапасын, кәсіби практикадан өту қорытындыларын, МАК жұмысын, түлектердің білім дәрежесін, студенттер мен ата-аналарының білім сапасына ризалығын, түлектердің жұмысқа орналасуын, практика өтетін мекемелермен ынтымақтастығын бақылау, талдау, дамыту мақсатында кафедра, деканат және оқу-әдістемелік бөлім жүйелі түрде мониторинг жүргізіп, талқылап, жақсарту жоспарлары бағытында жетілдіріп отырған.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының стратегиялық жоспары мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның нәтижелілігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін тәжірибе базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары және түлектердің қорытынды бағалары дәлелдейді.

Білім беру бағдарламасының мақсаттары ашық, айқын, білім беру

жүйесінің барлық бағыттарын қамтиды. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - аталған стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз ету және тұтынушылар талаптарын қанағаттандыру. Мақсаттарға қол жеткізудің тиімді механизмдері бар және үнемі толықтыруларымен өңделіп отыратындығы да байқалды. Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауда ұлттық және аймақтық мүдделер ескерілген. Білім беру бағдарламасының айқындығы мен дамуы қоғам, экономика, еңбек нарығы сұраныстарына сәйкес.

Сыртқы сарапшылар тобы өзін-өзі бағалау есебінде де, басқа материалдарда да көрініс табатын қызметтің перспективалы бағыттары кафедраның дұрыс бағытта дамуына мүмкіндік береді деп санайды.

***Ескерту: жоқ***

**Білім беру бағдарламасының бірінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.**

## СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ

***Дәлелдемелер және талдау:***

Оқу орнында білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітуді, олардың нормаларын сақтауды реттейтін белгіленген және қолданыстағы нормативтік құжаттар бар. Оқу бағдарламасындағы міндетті компонент бакалавриат деңгейінің МЖМБС және мамандықтың типтік оқу жоспарының талаптарына, ал оқу жұмыс жоспарларының мазмұны мен құрылымы типтік оқу жоспарлары мен элективті пәндер каталогына сәйкес келеді.

Оқу бағдарламасында жеке тұлғаның дамуына ықпал ететін компоненттер қарастырылған, ал практикаға бағдарланған пәндер шығармашылық дағдыларды дамытатын кәсіби құзыреттерді игеруге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасы сұранысқа ие, өйткені жұмысқа орналастыру 87%-ды құрайды, бұл ұзақ мерзімді даму бағдарламасының мақсаттарының талаптарына сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламасы ұлттық біліктілік шеңберімен және кәсіби стандарттармен келісілген. Бағдарламаны бекіту кезінде сыртқы сараптама және рецензиялау бар. Білім беру бағдарламасы бойынша магистратурда білім алуды жалғастыруға болады.

Үлгілік жоспардың, үлгілік бағдарламалар мен пәндердің бағдарламаларының негізінде таңдау компоненті әзірленген: жұмыс оқу жоспары, пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, әдістемелік ұсынымдар және т.б. білім беру бағдарламасын қалыптастыру кезінде шығарушы кафедра жоспарлауға, әдістемелік қамтамасыз етуге, оқыту технологияларына ғылыми негізделген тәсілдерді пайдаланады, бұл мемлекеттік

стандарттардың, үлгілік бағдарламалардың, оқу жұмыс жоспарлары мен оқу-әдістемелік кешендердің сабақтастығын сақтауға ықпал етеді.

Үлгілік оқу жоспарының талаптарын, элективті пәндер каталогының мазмұнын және академиялық күнтізбені басшылыққа ала отырып, студенттер оқу жылына арналған оқытудың жеке траекториясын айқындайды. Эдвайзерлер жеке траекторияны қалыптастыруда студенттерге әдістемелік көмек көрсетеді. Жеке жоспарды құру логикасы элективті пәндерді, оқытушыларды, жетекшіні, дипломдық жобаның тақырыбын таңдауды анықтайды.

Ректормен, проректорлармен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен сұхбат оқу жоспары мен қойылған міндеттердің орындалуын бақылауды, сондай-ақ оларды жетілдіру үшін кері байланысты қамтамасыз ететін ББ сапасын және сараптамасын үздіксіз ішкі бағалаудың тиімді тетігі әзірленгенін және жұмыс істейтінін анықтауға мүмкіндік берді, ол мыналарды: бағдарламаның өзектілігін; студенттерді бағалау рәсімдерінің тиімділігін; бағдарламаларға қатысты студенттердің үміттері мен қанағаттануын бағалауды қамтиды.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарлары үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленген. ОЖЖ міндетті және элективті компоненттерді, практиканың барлық түрлерін және кредитпен еңбек сыйымдылығын көрсете отырып, оқу жұмысының басқа да түрлерін қамтиды. Оқу процесін ұйымдастыру және басқару жеке оқу жоспарын қалыптастыруды, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды, компьютерлік тестілеуді өткізуді қамтиды.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары қойылған міндеттер мен миссияларға сәйкес келеді, оны іске асыру тиісті деңгейде жүзеге асырылады. Атап айтқанда, сарапшылар осындай оң мысалдарды атап өтеді: негізгі пәндер бойынша білім беру бағдарламалары классикалық және инновациялық әдістемелерді (мультимедиялық презентация, интернет ресурстар және т.б.) қамтиды. 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларын іске асыру әрбір студенттің кітапхана қорлары мен деректер базасына еркін қол жеткізуімен, барлық пәндер мен сабақтардың барлық түрлері - практикумдар, курстық жобалау, практикалар, дипломдық жобаларды орындау бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдардың, сондай-ақ көрнекі құралдардың, аудио және бейнематериалдардың болуымен қамтамасыз етіледі.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін оқу сабақтарының неғұрлым тиімді түрлері айқындалды: бейнедәрістерді, іскерлік ойындарды, оқытудың интерактивті әдістерін және басқаларды қолданатын сабақтар.

Кафедраның барлық пәндері бойынша электронды және қағаз тасымалдағыштардағы пәндердің оқу-әдістемелік кешендері әзірленген, онда курсты оқу үшін барлық қажетті оқу-әдістемелік материалдар ұсынылған.

БББ мазмұнында оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, білімалушыларға қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің теориялық және практикалық мәселелерін меңгерту, даму тенденциясын түсіндіру; Маңғыстау аймағының этнобренді саналатын рухани-танымдық, әдеби-тілдік туындыларды (Ақын жыраулар поэзиясы «Қырымның қырық батыры» жырлар циклі, Ә.Кекілбаевтың әдеби мұрасы т.б.) оқып-үйрету арқылы білімалушылардың бойында «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларына негізделген отаншылдық, адамсүйгіштік, білімге құштарлық рухын қалыптастыру мәселелері қамтылған.

БББ-ның модульдік пәндер жоспарына қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық, практикалық мәселелерін үйретуге арналған классикалық пәндермен қатар, жұмыс берушілердің, сарапшылардың, білімалушылардың талап-тілектерін ескере отырып төмендегідей таңдау пәндері енгізілді. Атап айтқанда, осы аймақтағы Маңғыстау жыраулық дәстүрі, Маңғыстау тұрғындары тіліндегі көне тайпалық ерекшеліктер, Маңғыстаудың байырғы тұрғындарының өмір салтында сақталып келген әдет-ғұрып, салт дәстүр негіздері аймақтың этнобренді ретінде оқып-танылуы қажет. Осы бағытта БББ-на «Жыраулар поэзиясы», «Өлке әдебиеті», «Маңғыстау аймағы топонимдерінің тарихи-лингвистикалық негіздері», «Әбіштану» пәндері енгізілді.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының мазмұнында негізгі құзыреттерді дамытатын кәсіби қызметке дайындайтын компоненттер жеткіліксіздігі және білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, бекітуде жұмыс берушілермен үнемі келісілмеуі университетте жұмыс берушілер мен түлектерді тарту арқылы білім беру бағдарламаларының сапасын ішкі бағалаудың және сараптаудың тиімді, үздіксіз жүйесін қалыптастыруды қажет етеді және ұсыныстарды талдау және шешім қабылдау мақсатында кері байланыс орнату керек.

***Ескерту:***

1. «6В01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларында студенттердің тұлғалық дамуына ықпал ететін, арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыратын, шығармашылық қабілетін дамытатын компоненттер жеткілікті. Дегенмен, оқу бағдарламасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуі қажет.

***Ұсыным:***

1. Қолданыстағы пәндерді түзету, өзектілігін жоғалтқандарды жою, сонымен қатар, Маңғыстау облысының білім беру салалары мен еңбек нарығының сұраныстарына сай, тұтынушылардың талабы мен студенттердің жеке мүдделерін қанағаттандыратын, оқытудың жаңа технологияларына негізделген әдістемелік бағыттағы элективті пәндерді оқу үдерісіне енгізу арқылы кәсіби пәндерінің сапасын арттыру.

2. «6В01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ құрастыру және жетілдіруге жұмыс берушілер мен студенттерді көбірек тартуды жолға қою.

**Білім беру бағдарламасының екінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - елеулі сәйкестік.**

## СТАНДАРТ 3. СТУДЕНТКЕ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

***Дәлелдемелер және талдау***

Студенттің оқу жүктемесі оның жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының барлық компоненттері мен элементтерін студенттің жеке оқу жоспарларында толық көрсету арқылы жасалады.

Пәнге жазылу қолдау қызметтері – ОР мен эдвайзерлердің қатысуымен ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Оқу жетістіктері апта сайын бағаланады, бағалау саясаты мен рәсімдері силлабустарда көрсетілген.

Аталған ақпаратты кафедралар мен факультеттерде визуализациялау арқылы студенттерге емтихандар және бақылаудың басқа түрлері туралы ақпарат беріледі. Білім беру бағдарламалары пәндерінің стандартталған тестілері мен сұрақтары сараптамадан өтеді және тексеру кезінде толық қолда бар.

Қорытынды шығару кезінде студенттер қажет болған жағдайда аппеляцияға береді. Аудит барысында аппеляция жөніндегі материалдар – студенттің өтініші, комиссия отырысының хаттамасы және шешімі зерттелді.

Студенттер контингентін қалыптастыру мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (білім беру гранттары) негізінде де, ақылы негізде де жүзеге асырылады.

Әрбір студенттің білім беру порталындағы жеке кабинетіне бірдей кіруі бар (portal.kazntu.kz оқу-әдістемелік ақпарат студенттердің жеке кабинетінде қамтылған: білім алушылардың университетте болуы жөніндегі Нұсқаулық; ЖОЖБ жөніндегі Нұсқаулық; компьютерлік тестілеуді өткізу; оқу процесінің кестесі; Оқу материалдары( ЭУМКД, ЭУМКС, толық мәтінді кітаптардың электрондық кітапханасы, электрондық мультимедиялық оқу курстары); пәндерге тіркелу, курстарға жазылу рәсімі бойынша жадынама; элективті пәндер каталогы; оқу жылы курстарына жазылу; Тіркеу нысаны; ағымдағы оқу жылына арналған жеке жоспар; оқу сабақтары мен сессияларының кестесі; сауалнама және т. б.

Білім беру бағдарламасын меңгеру барысында студенттер оқытудың жеке траекториясын өз бетінше анықтайды. Осыған байланысты студентке элективті пәндер мен оқытушыларды таңдау мүмкіндігі беріледі.

Оқу процесінің жағдайы және оқытушылардың педагогикалық қызметінің сапасы туралы ақпарат алу мақсатында «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасы жүргізіледі.

ПОҚ журналдарын, эдвайзерлер журналдарын және студенттік топты тексеру негізінде білімді ағымдағы және межелік бақылау қорытындыларын талдау және кафедра отырыстарында нәтижелерді талқылау үнемі жүргізіледі.

Білім алушылардың білімін бағалау (аралық және қорытынды бақылау) бекітілген Ережелерге және кредиттік оқыту технологиясы жағдайында білімді бағалауға қойылатын талаптарға сәйкес жүргізіледі. Білім беру бағдарламасын іске асыру әрбір студенттің кітапхана қорлары мен деректер базасына еркін қол жеткізуімен, барлық пәндер мен сабақтардың барлық түрлері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдардың - практикумдардың, курстық және дипломдық жобалаудың, практикалардың, сондай-ақ көрнекі құралдардың болуымен қамтамасыз етіледі.

Студенттердің пәндер бойынша оқыту нәтижелерін және оларды оқыту сапасын бағалауы бойынша зерттеуді Ақпараттық технологиялар департаменті пәнді оқу аяқталғаннан кейін жылына 2 рет он-лайн режимінде сауалнама жүргізу арқылы жүргізеді. Сауалнамаға барлық студенттер қатысады. Сауалнама жасырын толтыру жолымен жүргізіледі және оқытушымен бақыланбайды.

Іс-тәжірибе базаларымен педагогикалық - іскерлік жақсы қарым-қатынас орнатылған. Қала мектептерімен және аймақтағы ауыл мектептерімен екі жақты келісімшарт жасалған. Студенттер контингенті тұрақты түрде кәсіби бағдар жұмысы атқарылатындығын көрсетіп отыр. Студентке оқытудың кредиттік технологиясы жайлы практикалық ақпарат беретін ақпараттық - анықтамалықтың электрондық нұсқасы университет сайтында, сонымен қатар, оқу үдерісін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйедегі әр студенттің жеке парағында берілген.

Алынған сауалнама деректері бойынша, тұтастай алғанда, ЖОО тарапынан студенттерді қолдау жүзеге асырылады және студенттер оны сезінеді деген қорытынды жасауға болады.

Кафедра түлектері мен жұмыс берушілердің сауалнамасы алған білімдерінің сапасына қанағаттанатынын растады.

Бітірушілерді қорытынды аттестаттау нәтижелері жоғары оқу орнының жұмыс сапасының маңызды көрсеткіші болып табылады. Бітірушілерді қорытынды аттестаттаудың сапалық көрсеткіштері өте жоғары.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттер, магистранттар ғылыми-зерттеу жұмысына белсенді қатысады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу арқылы жүзеге асырылады. Жыл сайын университетте студенттер, магистранттар және жас оқытушылар үшін арнайы ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылады. Студенттер, магистранттар жыл сайын

осы конференция материалдарында ғылыми мақалалар жариялайды. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының ажырамас бөлігі болып табылады. ПОҚ-тың жеке жоспарларында СҒЗЖ басшылығы қарастырылған.

***Ескерту: жоқ***

**Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.**

## СТАНДАРТ 4. СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАНУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

***Дәлелдемелер және талдау***

Сыртқы аудит кезінде оқу-әдістемелік құжаттарды талдағанымызда, СҒЗЖ нәтижелері және өткізілген ашық оқу-тәрбие жұмыстарымен танысқанымызда студенттің жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруға жағдай жасалғандығына куә болдық.

Студенттің жеке оқу жоспарымен (ЖОЖ) танысқанымызда студенттерге пәндер мен оқытушы таңдауда еркіндік берілетіні, өз бетімен әрекет етуге, шешім қабылдауға тәрбиелейтіндіктеріне тағы бір рет көзіміз жетті.

Студенттің жеке білім беру траекториясын анықтайтын оқу жоспары әрбір оқу жылына мамандықтың типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде құрастырылған.

Студенттердің наразылықтары мен талап-тілектерін анықтау жүйесі ұйымдастырылған. Әрбір студенттің тікелей ЖОО ректорына электронды пошта немесе университет сайтына сенім поштасы арқылы жазбаша хабарлама жіберу мүмкіндігі бар.

Студенттердің ағымдық білім сапасын қадағалайтын ішкі мониторинг жүйесі бар. Нәтижесі кафедра отырыстарында талқыланып, кемшіліктерді жою бағытында жұмыстар жүргізіліп отырған.

Студенттердің білімін бағалау сараптамасы оқытуды ағымдық, аралық және қорытынды бақылау арқылы бақылаудың тиімді екенін дәлелдейді. Бітірушілердің мемлекеттік қорытынды аттестациялауын ұйымдастыру мемлекеттік қорытынды тексеру нәтижесінің объективтілігін қамтамасыз етеді. Студенттер арасында өткен әлеуметтік сауалнама нәтижесі олардың университет қабырғасында алған білімдеріне толықтай көңілдері толатынын көрсетті.

Модуль бойынша кредиттерді бөлуде білім алушының еңбек сыйымдылығы ескерілген. Еңбек сыйымдылығын есептеу үшін мониторингтер жүргізіліп, оның нәтижесі талқыланғандығы айқындалды.

Кафедра әрбір пәннің сапасын студенттермен арнайы сауалнама жүргізу жолымен тексеріп отырады. Кафедрада «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын басқару әдістері уақытылы жүзеге асырылып отырады. Білім беру бағдарламасының мақсаттарын жүйелі түрде сараптау, оларды жүзеге асыру, белгілі нәтижелерді алу, білім беру бағдарламасының аясында оқыту іс-шараларының мазмұны мен нысандарын оңтайландыруға мүмкіндік туғызады.

Университетте мониторинг рәсімін жасау әдістемесі, өлшем құралдары, білімді бағалау шкаласы мен ішкі нормативтері сәйкестендіріліп жасалған ағымдық үлгерім, оқу пәндерінің өткізілу сапасы және де білім алушылар мен жұмыс берушілердің білікті маман даярлауда берілген білімге қанағаттануына қатысты мониторинг өткізіліп отыратындығы бөлім басшыларымен сұхбаттасу кезінде анықталды.

Білім алушылармен сұхбат кезінде санитарлық-эпидемиялық нормаға сай жатақхана, медпункт, спорт зал, асханамен қамтамасыз етілгендігі анықталды.

ЖОО-да пәндік олимпиадаларға, конкурстарға және т. б. қатысу нәтижелері бойынша талапкерлерді іріктеуге бағытталған жүйелі кәсіптік бағдарлау жұмысы бар.

ЖОО-да академиялық ұтқырлық проблемаларымен айналысатын мамандандырылған бөлім бар, оның жұмысын студенттер сауалнама жүргізу кезінде бағалайды.

ЖОО-да бірінші курс студенттеріне бағдарлау және алмасу тәртібімен келген басқа ЖОО студенттерін ЖОО жағдайларына, оқу жағдайларына бейімдеу рәсімі бар.

Дипломдық жұмыстарды орындау кестесі білім беру нәтижелерін бағалау кезінде студенттердің үлгерімі мен жетістіктеріне бақылау және мониторинг жүргізуге, дипломдық жұмыстар мен жобаларды орындауға және қорғауға мүмкіндік береді.

ЖОО студенттерге, жұмысберушілерге, практика базаларының басшыларына және түлектерге сауалнама жүргізу арқылы білім беру нәтижелерінің негізгі көрсеткіштеріне талдау және бағалау жүргізіледі.

ЖОО-да плагиатқа қарсы өзіндік жүйе бар.

МАК оқу процесінің кестесіне сәйкес тиісті нормативтік құжаттар бойынша жүргізіледі.

Түлектердің жұмысқа орналасуы мен мансаптық өсу мониторингін мансап және жұмысқа орналастыру орталығы жүзеге асырады.

Университеттің тыныс-тіршілігін тиімді және сапалы қамтамасыз етудің негізі кәсіптік бағдарлау жұмысы болып табылады.

МАК төрағаларының есептері бойынша ғылым мен техниканың заманауи даму деңгейіне жауап беретін өзекті тақырыптарда орындалған ерекше қызығушылық тудыратын дипломдық жобаларға талдау жүргізіліп отырады. «Дипломнан кейінгі сүйемелдеуді» дамыту бағдарламасы жүргізілуде, білім алушылардың дайындық сапасын жақсарту саласында

түлектермен және жұмыс берушілермен өзара іс-қимылдың тиімді тәсілдерін іздестіру бағытында жұмыстар орындалуда. Түлекті жұмысқа орналастыру кезінде түлек кафедраға хабарлайды. 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша білім беру нәтижелері түлектердің еңбек нарығында талап етілу дәрежесімен және жұмыс берушілердің пікірлерімен бағаланады. Мамандық түлектеріне жұмыс берушілердің пікірлері оң. 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары түлектерінің дайындық сапасына жұмыс берушілердің қанағаттануы жұмысберушілердің сауалнамасы бойынша деректерді өңдеу арқылы бағалайды. Сауалнаманы талдау нәтижелері бойынша мамандық түлектерінің дайындық сапасы бағаланады. Білім беру бағдарламасының белгілі бір мақсаттары мен міндеттерінің тиімділігін бағалау мақсатында тиісті ішкі қызметтермен кафедралардың қызметін жүйелі ішкі тексерулер жүзеге асырады, олардың іске асырылу тиімділігіне үнемі талдау жүргізіліп отырады. Студенттердің білім беру нәтижелеріне қол жеткізуі үшін бірқатар шарттар ұсынылған, атап айтқанда:

- бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және білім беру нәтижелері;
- бағдарламаның логикалық құрылымы;
- білікті ПОҚ;
- тиімді білім беру технологиялары;
- студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың оңтайлы әдістері;- университеттің заманауи инфрақұрылымы.

Білім беру нәтижелілігі көрсеткіштерін бағалайтын түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын дәлелдейтін құжаттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары кафедрада жинақталған.

Мамандардың дайындық сапасын жақсарту мақсатында жұмыс берушілермен қарым-қатынас орныққан, жұмыс берушілер білім бағдарламасын құрастыру үдерісіне қатысып, өз ұсыныстарын жасайды, бұл жұмыс берушілермен сұхбат кезінде және қажетті құжаттар негізінде анықталды. Жұмыс берушілер тарапынан берілген оң мінездемелер бітірушілердің дайындық сапасына қанағаттанатындығын білдіреді .

Бітірушілермен сұхбат барысында олармен білім сапасын көтеру мақсатында білім беру бағдарламасымен тұрақты байланыстың орнатылғандығын байқадық. Білім бағдарламасының жүзеге асырылуы студенттердің мүдделеріне негізделген. Оқыту үдерісі оқытушы мен студент арасындағы сыйластық пен ынтымақтастыққа, бірлескен қызметке құрылған.

Кәсіби білім берудегі нәтижелілік еңбек нарығындағы ЖОО түлектерінің сұранысы арқылы көрінеді. Түлектермен кері байланыс орнатылған. Студенттердің аралық аттестациясы, жұмыс берушінің пікірі, жұмысқа орналастыру жайлы талдау жасау, студенттер практикасының қорытындысы, ағымдағы үлгерім, мемлекеттік аттестация, оқыту сапасы, оқытушының кәсіптік өсуі бағытында сауалнама жүргізіліп отырған және

мониторингісі шығарылып, кафедра отырыстарында талдау жасалынған, хаттамалары тіркелген.

Қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен байланысты нығайту, түлектермен кері байланыс жүйесін күшейту, нақты жұмысберуші үшін мамандарды мақсатты даярлауды ұйымдастыру бойынша жұмысты жоспарлау, бағдарлама түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша мониторинг жүйесін жетілдіру ұсынылады.

Оқу бағдарламасы бойынша білім алу үшін студенттерді қабылдау тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша жұмысты күшейту қажет.

Аудит кезінде кәсіптік бағдар жұмысының жүйелі түрде өткізілетіндігін; педагогикалық тәжірибе өту барысында студенттердің кәсіптік бағдар бойынша жұмыс ұйымдастыратынын; жұмысқа орналасуына үміт беретін семинарлар мен әңгіме-сұхбаттардың өткізілетіндігін; мектеп оқушыларының кафедраның тәжірибелі оқытушыларының жетекшілігімен ҒЗЖ-на тартылып, ғылыми жоба жарыстарына қатысатындықтарын; бітіруші курс студенттерінің түлектермен кездесу өткізетіндіктерін; БАҚ-та мамандықты жарнамалау, университет сайтында білім беру қызметтері туралы мәліметтер берілетіндігін; кәсіптік бағдар беретін буклеттердің үнемі таратылатындығын; интернет-ресурстарды тегін қолданатықтарын; Ашық есік күндері өткізетіндіктерін құжаттармен танысу, сұхбат барысында анықтадық.

***Ескерту: жоқ***

***Оң тәжірибе:***

Кәсіби бағдар беру жұмыстарының түрлі формада жүргізілуі.

**Білім беру бағдарламасының төртінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.**

## СТАНДАРТ 5. ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ

***Дәлелдемелер және талдау***

ЖОО-да ЖОО мәртебесін қолдауға қабілетті кадрлық саясат пен академиялық орта бар. ПОҚ сапалық құрамы, профессор-оқытушылар құрамының соңғы 5 жылдағы санаттары бойынша көрсеткіштер дәрежелілік және базалық білім бойынша талаптарға сәйкес келеді;

Кафедрада пәндерді тіркеу нәтижелері бойынша ПОҚ оқу жүктемесін бөлу туралы растайтын құжаттар және кафедралар бойынша пәндерді бекіту туралы бұйрықтар, оқытушылардың жеке жоспарлары бар.

БББ іске асыратын барлық ПОҚ ПОӘК сараптамасы және сабақтарға өзара қатысу арқылы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесіне тартылған.

Білім беру бағдарламасы аясында ПОҚ оқу жүктемелері мен кафедра бойынша оқу пәндерінің бекітілуін, оқу-әдістемелік, ғылыми ізденіс және

кураторлық жұмысты қамтыған жеке жұмыс жоспары мен есебін айғақтайтын құжаттар бар. Оқу-әдістемелік бірлестігінің жылдық жоспарлары, өткізілген отырыстардың хаттамалары кафедрада сақталған. ББ-на қызмет көрсететін ПОҚ жайлы толық мәлімет беретін түйіндеме дайындалған. ПОҚ жарияланған ғылыми басылымдары (елде және шет елде), оқу құралы мен оқу-әдістемелік құралдары кафедрада жинақталған.

ПОҚ құзыреттілігіне жалпы баға беретін құжаттар (ашық сабақ, өзара сабаққа қатысу, студенттер сауалнамасы және т.б.) кафедрада бар.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесі толықтай жоғары білікті кадрлармен қамтылған. ПОҚ оқыту қызметінің лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді және оқытудың жаңа заман әдістеріне сай толыққанды білімге ие, бұл тиімді оқыту үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқытушылардың базалық білімдері жүргізетін пәндерге сәйкес. Оқытушылардың үлкен бөлігінің ғылыми бағыттағы мол жұмыс тәжірибелері бар. Конкурстық негізде кадрларды таңдау мен ОПҚ біліктілігін көтеруге, материалдық және моральдық ынталандыруға, кадрлық әлеуетті жоғарылатуға толық мүмкіндік жасалған.

Әр оқу жылында ПОҚ-ның қызмет сапасын бақылау мақсатында мониторинг жүргізіледі. Қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығы жөнінде сауалнама және «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы тұрақты алынады. Оқытушылардың кәсіби деңгейін анықтау мақсатындағы мониторингтердің, білім берудің сапасын көтеру мақсатында жүргізілген сауалнамалар білім беру үдерісінің сапасын арттырары анық.

ПОҚ біліктілігін арттыру жүйесі 5 жылда 1 рет тағылымдамадан өтуді қарастырады.

Аудит барысында ПОҚ сапалық құрамына сараптама жүргізілді. 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша білім беру процесін жүзеге асыратын профессор-оқытушылар құрамы талапқа сай, ол туралы мәлімет кіріспеде айтылған. ПОҚ портфолиосын зерттеу өнертабыстар, патенттер, монографиялар, ғылыми жарияланымдар саны да біліктілік талаптарына сәкес келеді. ҚР БҒМ 2020-2022 жылдар аралығындағы ғылыми жобалар гранты

«Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпитафиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» жобасы ҚР БҒМ Ғылым комитетінің грантын ұтып алды. Жобаның ғылыми жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.И. Нұрдәулетова.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларында көрсетілген рухани дамудың басты бағыттары бойынша Ш.Есенов атындағы КМТИУ қазақ филологиясы кафедрасының

күшімен ғылыми-зерттеу жұмыстары және мәдени-танымдық іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіледі.

Кафедраның ПОҚ құрамы «Маңғыстау өңірі рухани құндылықтарының лингвистикалық аспектілері» және «Маңғыстау ақын-жыраулар, жазушылар шығармашылығының әдеби-танымдық негіздері» ғылыми бағыттарында қызмет етеді. РЖ бойынша кафедра оқытушыларының бастамасымен 11 ғылыми жоба жоспарланып, жүзеге асырылуда. 2018-2019 жж. 31 ғылыми мақала, 2019-2020 жж. 1 оқу құралы, 30 ғылыми мақала, 3 монография жарияланды. Кафедра оқытушыларының ұйымдастыруымен 3 халықаралық конференция, 3 танымдық кеш өткізілген. Университет оқытушыларының РЖ аясында өткізген іс-шаралары мен ғылыми материалдары 3 том жинақ ретінде баспадан шығарылды. Кафедра оқытушыларының ұйымдастыруымен 3 халықаралық конференция, 3 танымдық кеш өткізілді. Университет оқытушыларының РЖ аясында өткізген іс-шаралары мен ғылыми материалдары 3 том жинақ ретінде баспадан шығарылды.

Кафедра қазақ мәдениеті мен ғылымының, соның ішінде Маңғыстау өңірінің ғылыми әлеуетінің қалыптасуы мен дамуына ат салысты. Кафедра ұжымының ұйымдастыруымен Маңғыстау облысындағы мемлекеттік мекеме-ұйымдарда іс-қағаздарынын мемлекеттік тілге көшуіне бірден-бір түрткі салған «Мемлекеттік тіл мәртебесі – тәуелсіздік кепілі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция, ҚР Президенті бастауымен қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасының жүзеге асырылуына талдау жасап, бағыт-бағдар берген «Мәдени мұралардың танымдық негіздері» республикалық ғылыми-теориялық конференция, мемлекеттік тілдің практикалық, теориялық мәселелерін қозғаған «Тіл. Қоғам. Заман» республикалық ғылыми-теориялық конференция, сондай-ақ, заманымыздың біртуар тұлғасы, Қазақстан халық жазушысы Ә. Кекілбаевтің, Маңғыстаудан шыққан белгілі ғалым М. Әбдіхалықовтың, Маңғыстау әдеби мұраларын зерттеуші Қ. Сыдиықовтың, Маңғыстау топырағынан шыққан айтулы түркітанушы Ғ. Айдаровтың шығырмашылығына арналған республикалық, аймақтық конференциялар өткізілген.

Кафедра халықаралық қарым-қатынас жұмысын жолға қойған, сол арқылы кафедра ПОҚ-ның ғылыми-әдістемелік әлеуеті әлемдік деңгейде көріне бастады. Польшаның А. Мицкеевич атындағы Познань университетінің түркі, моңғол және корей тілдері бөлімінің бастығы профессор, доктор Генрих Янковскимен бірлесіп докторанттар мен магистранттар дайындау жөнінде келісім шарт жасалды.

Әзірбайжан республикасы Баку мемлекеттік университетінің «Түркі тілдері», «Әзірбайжан тілі мен әдебиеті» кафедраларымен халықаралық ынтымақтастық жөнінде келісімшарт жасалған.

Сонымен қатар кафедра оқытушылары жергілікті ғылыми мекемелер мен комиссия мүшелері болып табылады. Профессор Б.А. Кошимова Маңғыстау облысы Тіл дамыту Басқармасы ономастикалық комиссиясының мүшесі, профессор Б.И. Нурдаулетова облыстық Қазақстан

Халықтары Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық мүшесі, кафедра меңгерушісі, доцент А.Н. Отарова, профессор Н.С. Қамарова Маңғыстау облыстық «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері болып саналады. Кафедра оқытушылары еліміздің қоғамдық өмірінің салаларында болып жатқан маңызды мәселелерде облыстық, университетішілік жұмыстарға, конференция, семинар, дөңгелек үстелдерге белсенді түрде қатынасып,мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, өлке мәдениеті, әдебиеті мен руханиятына өз үлестерін қосып келеді.

***Ескерту:***

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша кафедра профессорлық-оқытушылық құрамының академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушылығы төмен, жеткіліксіз.

***Ұсыным:***

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша кафедра профессорлық-оқытушылық құрамының академиялық ұтқырлығы жұмысын жандандыру.

**Білім беру бағдарламасының бесінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - елеулі сәйкестік.**

## СТАНДАРТ 6. ОҚУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ

***Дәлелдемелер және талдау***

Университеттегі студенттердің білім алу, жеке және мансаптық қажеттіліктерін жүзеге асыруға қолдау көрсету үшін сервис қызметтері дамыған. Студенттермен сұхбаттан олардың академиялық мәселелер бойынша қызмет, тәжірибе және жұмысқа орналастыру бөлімі, кітапхананың ақпараттық ресурсы, Ақпараттық технологиялар қызметі, медпункт және т. б. сервистің қызметтерін қолданатындығы байқалады. ОП-да эдвайзерлер, кураторлар және кеңесшілер тиімді жұмыс істейді.

Сыртқы аудит барысында сарапшылар тобы бірқатар аудиторияларды, оқу, ғылыми зертханаларды, әртүрлі аккредиттеу саласы бар кафедраның оқу зертханаларын, компьютерлік сыныптарды, оқу залдарын, бейіндік пәндер бойынша жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген мультимедиялық оқыту бағдарламалары бар аудиторияны онлайн көрді. Оқу ресурстары, халықаралық ресурстар қол жетімді және студенттердің мүдделеріне сай келеді.

Аудиторияларды визуалды тексеру бағдарламаның тиімді білім беру процесі үшін барлық қажеттіліктермен жабдықталғанына сендіреді. ББ материалдық-техникалық жабдықталуын жаңартумен айналысатын қызметтер жұмыс істейді.Оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры

онлайн деректер базасы, электронды кітаптар, мерзімді басылымдар, тақырыптық дерекқорлар арқылы қамтамасыз етілген.

Жаңа элективті курстарды қамтамасыз ету үшін кафедралардың жаңа әдебиеттерді сатып алуға өтінім беруінің пысықталған жүйесі бар. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен сұхбаттан университет жаңа әдебиеттерді сатып алуға жеткілікті қаражат бөлетінін білуге болады.

Университет кітапханасында қажетті әдебиеттерді іздеуге және жеке оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдардың электрондық нұсқаларына қол жеткізуге арналған электрондық каталог бар.

Барлық білім беру бағдарламалары бойынша студенттер мен оқытушыларды (мысалы, Web-сайт негізінде) ақпараттық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі енгізілген: студенттерге, профессор-оқытушыларға және қызметкерлерге ыңғайлы орындарда Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ететін Wi-Fi аумағы бар.

Университетте компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету жыл сайын бір рет жаңартылып отырады. Университет қызметінің барлық бағыттары лицензиялық бағдарламамен қамтылған. Оқу бөлмелері жиһаз, компьютерлік техника, дәстүрлі және интерактивті тақталармен, көрнекілік стендтермен қамтылған.

Web-сайт университеттің құрылымдық қызметтерінің барлық бағыттарын: университет миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін, ғылыми, тәрбие жұмыстарын қамтиды.

Оқыту материалдары, құралдары, оқу әдебиеті, қосымша ресурстар мен жабдықтар ПОҚ пен студенттер үшін қолжетімді. Оқу, ғылыми зертханаларының заманауи жабдықталуы; кітапхананың кітап қорын үнемі толықтыруы; университет баспасында ПОҚ-тың оқу, ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектерінің жариялану мүмкіндігі; желі құрудағы әр түрлі технологияларды қолдана отырып, университеттің ауқымды ақпараттық ортасының құрылуы университеттің, оның ішінде мамандықтың жетістігі.

Студенттерді қолдау қызметі бар: тіркеу офисі, кеңес беру қызметі, кітапхана, ақпараттық және ғылыми-зерттеу орталықтары, жатақхана, асханалар мен буфеттер, медициналық орталықтар, спорт залдары, ғылыми, танымдық-тағылымдық клубтар.

Кітапхананы көру барысында білім беру порталының Web-сайты, техникалық талаптарға сәйкес келетін кітапхананың электрондық каталогы, әдебиеттер, мерзімді басылымдар, ақпараттық ресурстар көрсетілді, ББ шеңберінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндік пәндер бойынша оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің өзектілігі, оның ішінде мемлекеттік тілде және оны пайдалану тиімділігі тексерілді, кафедрадағы ПОҚ еңбектері зерттелді.

Магистранттарға білім беру бағдарламаларын игеруге жәрдемдесетін құрылымдық бөлімшелердің, студенттерді қолдау қызметтерінің болуы Тіркеу кеңсесінің, жұмысқа орналастыру орталығының, академиялық ұтқырлық бөлімінің және т. б. жұмысымен расталады.

Білім беру бағдарламасы қазіргі заманғы құралдардың, жабдықтардың, аудиториялардың, зертханалардың болуымен, олардың қол жетімділігімен, жарамдылығымен; материалдық-зертханалық базаны қолдау және жаңартумен жеткілікті түрде қамтамасыз етілген.

Кітапхана және ақпараттық қызмет көрсетудің бірыңғай жүйесі, кафедралар мен факультеттердің өтінімдері бойынша оқу-әдістемелік әдебиетті сатып алу, әдебиетті сатып алуға бөлінетін қаражат көлемі тиісті материалдардың болуымен расталады.

Университетте барлық білім беру бағдарламалары бойынша студенттер мен оқытушыларды ақпараттық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі (мысалы, Web-сайт негізінде), студенттер, ПОҚ және қызметкерлер үшін ыңғайлы жерлерде Интернетке қол жеткізуде студенттерді қолдау үшін Wi-Fi нүктелері бар.

Зертханалық жабдықтарды, оқу әдебиеттерін, мерзімді басылымдарды, ақпараттық ресурстарды, компьютерлерді сатып алуға бөлінетін қаржы өсіп келе жатқан динамикада байқалады.

Оқу үрдісін ұйымдастыру үшін пайдаланылатын керекті қаржылық, материалды-техникалық, ақпарат және кітапхана ресурстары жеткілікті және 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасы талаптарына сәйкес келеді.

«Қазақ филологиясы» кафедрасы тиісті деңгейде білім мен дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу және ғылыми лабораториялық базасымен жасақталған. «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында заманауи үлгідегі «Абай» дәріс залы, «Ә. Кекілбаев» атындағы зертханасы, «Түркітанушы, профессор Ғ. Айдаровтың», «Ақын Ф. Оңғарсынованың» атындағы арнайы жабдықталған атаулы оқу аудиториялары, «Латын әліпбиі» кабинеті жұмыс жасайды. Ғ. Айдаров атындағы оқу аудиториясы КЕЗБИ ЖШС мекемесінің демеушілігімен жалпы құны 2 300 000 теңге болатын соңғы заманауи үлгідегі оқу-материалдық базасымен жабдықталып жасалған.

Студенттермен әңгімелесу барысында білім алушылардың жеке әлеуетін ашу және бос уақытын ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау расталды.

Студенттермен білім беру порталын меңгеру бойынша әңгімелесу барысында сарапшылар білім алушылардың жоғары құзыреттілігі туралы атап өтеді. Эдвайзерлермен және білім беру бағдарламасының студенттерімен әңгімелесу академиялық қолдау бойынша мәліметтерді растайды. Ректордың университет студенттерімен кездесулері тұрақты түрде өткізіліп тұрады, соның арқасында жастардың оқу-тәрбие процесінің жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндігі бар.

***Ескерту: жоқ***

**Білім беру бағдарламасының алтыншы стандарт бойынша сәйкестік деңгейі толық сәйкестік**

## СТАНДАРТ 7. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

***Дәлелдемелер және талдау***

Университетте жүзеге асырылып жатқан білім беру бағдарламалары туралы ақпаратты үнемі жариялап отырады. Жұртшылықты, болашақ талапкерлерді және олардың заңды өкілдерін университетке қабылдау ережелері туралы, шығармашылық мамандықтарға түсу сынақтарын өткізу ерекшеліктері туралы; іске асырылатын білім беру бағдарламалары, міндетті және элективті оқу пәндерінің құрамы туралы; университет түлектерінің болашақ кәсіби мүмкіндіктері туралы хабардар етеді.

Берілген академиялық дәрежелер, берілетін біліктілік туралы ақпарат, оқытудың пайдаланылатын рәсімдері, бағалау критерийлері, үлгерім пайызы, сондай-ақ түлектер және оларды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы материалдар қамтылған. Оқу бағдарламасы туралы ақпарат жарнамалық буклеттерде, сайтта және БАҚ-та визуализацияланған. Бұл ақпарат нәтижелілік туралы есепті, жұмыс берушілер тарапынан бағалауды, рейтингтік көрсеткіштерді және т. б. қамтиды.

Университеттің баспасөз қызметі ББ туралы жұртшылықты хабардар ету бойынша іс-шараларды әзірлейді, жоспарлайды және іске асырады. БАҚ мониторингін жүргізеді, университет қызметінің негізгі мәселелері бойынша қоғамдық пікірдің серпініне талдау жасайды, университет басшылығының нәтижелері туралы жедел хабарлайды. Университеттің және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін БАҚ-та неғұрлым толық және объективті жариялау мақсатында журналистермен өзара іс-қимыл жасайды. БАҚ - та мақалалар, сұхбаттар, фото-және бейнематериалдар, Университет қызметкерлерінің сөйлеген сөздерін, сондай-ақ өткізілетін іс-шаралар туралы баспасөз релиздерін дайындайды және орналастырады.

Университеттің сайты мен білім беру порталы білім беру бағдарламасы, студенттерді қабылдау шарттары, күтілетін нәтижелер және оқыту әдістері туралы толық мәліметтерді қамтиды. Сайттағы мәліметтер үнемі жаңартылып отырады және респонденттермен кері байланыс орнатылған. Сайттағы ақпараттар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілген. Сайттан университет институт миссиясын, жаңалықтарын, конкурстар, конференциялар, халықаралық жобалар, кафедралар жайлы мәліметтер және өзге де маңызды ақпараттарды білдік. Сайттағы ректор блогында студенттер мен ата-аналардың танысуы үшін ақпараттар орналастырылған: факультеттің перспективті дамуы, ағымдық іс-шаралар, пәндерді оқыту сапасын бақылау, студенттердің оқу үлгерімі және т.б.

Университетте білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы негізгі көрсеткіштер болып саналатын пәннің және мамандықтың оқу-

әдістемелік кешендері, жоспардың модульдік құрылымы, элективті пәндер каталогы, ұсынылатын білім беру траекториялары, ОПҚ құрамы, материалдық хникалық база, кітапханалық-ақпараттық мәліметтердің жаңғыртылуы бойынша ақпараттар жинау және мониторинг жүйесі қалыптасқан.

***Ескерту: жоқ***

**Білім беру бағдарламасының жетінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік**

*3 ТАРАУ*

## *ҚОРЫТЫНДЫ*

**Стандарт 1. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты - толық сәйкестік.**

**Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару - елеулі сәйкестік.**

***Ескерту:***

1. 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларында студенттердің тұлғалық дамуына ықпал ететін, арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыратын, шығармашылық қабілетін дамытатын компоненттер жеткілікті. Дегенмен, оқу бағдарламасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуі қажет.

***Ұсыным:***

1. Қолданыстағы пәндерді түзету, өзектілігін жоғалтқандарды жою, сонымен қатар, Маңғыстау облысының білім беру салалары мен еңбек нарығының сұраныстарына сай, тұтынушылардың талабы мен студенттердің жеке мүдделерін қанағаттандыратын, оқытудың жаңа технологияларына негізделген әдістемелік бағыттағы элективті пәндерді оқу үдерісіне енгізу арқылы кәсіби пәндерінің сапасын арттыру.
2. 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ құрастыру және жетілдіруге жұмыс берушілер мен студенттерді көбірек тартуды жолға қою.

**Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау - толық сәйкестік.**

**Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау - толық сәйкестік.**

**Стандарт 5. Профессорлық-оқытушылық құрам және оқыту тиімділігі - елеулі сәйкестік.**

***Ескерту:***

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша кафедра профессорлық-оқытушылық құрамының академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушылығы төмен, жеткіліксіз.

***Ұсыным:***

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша кафедра профессорлық-оқытушылық құрамының академиялық ұтқырлығы жұмысын жандандыру.

**Стандарт 6. Материалды-техникалық база және ақпараттық ресурстар - толық сәйкестік**.

**Стандарт 7. Жұртшылықты ақпараттандыру - толық сәйкестік.**

*Қосымша 1*

**IQAA сыртқы бағалау жөнінде сарапшылар тобының**
**Ш. Есенов атындағы Каспий технология және инжиниринг университетінің бағдарламалық аккредиттеудің**
**БАҒДАРЛАМАСЫ**

6B01101/7M01101/8D01101 Педагогика және психология, 6B01701/7M01701 Қазақ тілі және әдебиет, 6B01705 Шет тілі: екі шет тілі

**11-12 мамыр 2021 жыл**

| № | Мероприятие | Место проведения/ ссылка на онлайн встречи | Время По времени города Нур-Султан, Казахстан | Участники |
|---|---|---|---|---|
| | | ***10.05.2021 г.*** | | |
| 1 | Заезд | Гостиница | В течении дня | Члены ЭГ |
| | | ***День 1-й: 11.05.2021 г.*** | | |
| 1 | Завтрак | Гостиница | | |
| 2 | Трансфер из гостиницы в ВУЗ | Кабинет ВЭГ | 9:30 | |
| 3 | Брифинг, обсуждение организационных вопросов | Кабинет ВЭГ | 10:00-11:00 | Р, ЭГ, К |
| 4 | Встреча с Президентом | Кабинет ВЭГ | 11:00-11:30 | Р, ЭГ, К, |
| 5 | Обмен мнениями членов экспертной группы | Кабинет ВЭГ | 11:30-11:40 | Р, ЭГ, К |
| 6 | Интервью с вице-президентами | Кабинет ВЭГ | 11:40-12:20 | Р, ЭГ, К, Ректор |
| 7 | Обмен мнениями членов экспертной группы | Кабинет ВЭГ | 12:20-12:30 | Р, ЭГ, К |
| 8 | Интервью с руководителями структурных подразделений | Кабинет ВЭГ | 12:30-13:00 | Р, ЭГ, К, Проректора |
| 9 | Обед | | 13:00-14:00 | Р, ЭГ, К |
| 10 | Визуальный осмотр материально-технической базы и учебно-лабораторной базы по направлениям аккредитуемых образовательных программ | | 14:00-15:00 | |
| 11 | Интервью с деканами факультетов и с зав. Кафедрами/лидерами ОП | Кабинет ВЭГ | 15:00-15:30 | Р, ЭГ, К, РСП |
| 12 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Кабинет ВЭГ | 15:30-15:40 | Р, ЭГ, К |
| 15 | Интервью с ППС | Кабинет ВЭГ | 15:40-16:10 | Р, ЭГ, К, ППС факультетов |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. | Кабинет ВЭГ | 16:10-16:20 | Р, ЭГ, К |
| 17 | Интервью со студентами | Кабинет ВЭГ | 16:20-16:50 | Р, ЭГ, К, Студенты |
| 18 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. | Кабинет ВЭГ | 16:50-17:00 | Р, ЭГ, К |
| 21 | Интервью с магистрантами/докторантами( ОП ПиП) | Кабинет ВЭГ | 17:00-17:30 | Р, ЭГ, К, Магистранты и доктораниы |
| 22 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Кабинет ВЭГ | 17:30-17:40 | Р, ЭГ, К |
| 23 | Интервью с выпускниками | Кабинет ВЭГ | 17:40-18:10 | Р, ЭГ, К, выпускники |
| 24 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Кабинет ВЭГ | 18:10-18:20 | Р, ЭГ, К |
| 25 | Интервью с работодателями | Кабинет ВЭГ | 18:20-18:50 | Р, ЭГ, К, Работодатели |
| 26 | Трансфер до гостиницы | Гостиница | | Р, ЭГ, К |
| ***День 2-й: 12.05.2021 г*** | | | | |
| 1 | Завтрак | Гостиница | | Р, ЭГ, К |
| 2 | Трансфер из гостиницы в ВУЗ | | 9:30 | Р, ЭГ, К, |
| 3 | Посещение офис регистратора, центра развития образовательных ресурсов, управления информационных технологий<br>Посещение учебных занятий /экзаменов | | 10:00-11:00 | Р, ЭГ, К |
| 4 | Выборочное посещение баз практик. | Кабинет ВЭГ | 11:00-11:30 | Р, ЭГ, К |
| 5 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы.<br>Изучение документации по аккредитуемым образовательным программам<br><br>Приглашение по запросу экспертов зав. Кафедр/Лидеров ОП:<br>Лидер ОП ПиП – Бекенжан Ж.Б.<br><br>Зав. Кафедрой–Жакыпбекова М.С. ОП «Иностранный язык»<br><br>Зав. Кафедрой - Отарова А.Н. ОП «Қазақ тілі» | Кабинет ВЭГ | <br><br><br><br><br>11:30-12:00<br><br>12:00-12:30<br><br>12:30-13:00 | Р, ЭГ, Зав. кафедрами |
| 6 | Обед | | 13:00-14:00 | Р, ЭГ, К |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. Изучение документации по аккредитуемым образовательным программам Приглашение отдельных представителей кафедр и структурных подразделений по запросу экспертов. Подготовка отчетов по внешнему аудиту | Кабинет ВЭГ | 14:00-17:00 | Р, ЭГ, К |
| 8 | Встреча с руководством для представления предварительных итогов внешнего аудита | Кабинет ВЭГ | 17:00-17:30 | Р, ЭГ, К, Ректор |
| 9 | Отъезд членов экспертной группы | Гостиница | По графику отъезда | Р, ЭГ, К |

*Қосымша 2*

# СҰХБАТ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

**Ответственный за проведение специализированной аккредитации**

| № | Ф. И. О. | Должность, ученая степень, звание |
|---|---|---|
| 1 | Турганбаева Роза Туребековна | Ведущий специалист |

**Руководство университета**

| № | Ф. И. О. | Должность, ученая степень, звание |
|---|---|---|
| 1 | Ахметов Берик Бахытжанович | Президент Университета Есенова, кандидат технических наук, академик Международной академии информатизации, профессор |
| 2 | Нұрмағанбет Ермек Талантұлы | Исполнительный вице-президент, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор |
| 3 | Мусабекова Гульвира Айдархановна | Вице-президент по академической работе, к.п.н. |
| 4 | Иманкулов Тимур Сакенович | Вице - Президент по исследованиям и развитию, Доктор философии (PhD) |
| 5 | Аманиязова Гулимай Демегеновна | Вице-президент по студенческим делам и связям с общественностью, кандидат экономических наук доцент экономики |

**Руководители структурных подразделений**

| № | Ф. И. О. | Должность, структурное подразделение |
|---|---|---|
| 1 | Батыков Нурболат Тулегенович | Руководитель управления операционной деятельности |
| 2 | Досумбекова Гульжан Кайдаровна | Главный бухгалтер управления финансов |
| 3 | Шынгысхан Элеонора Тусупкалиевна | Руководитель управления человеческими ресурсами |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Тлепов Ернар Боранбаевич | Руководитель ситуационного центра |
| 5 | Джумагазиева Шара Каниевна | Руководитель управления академических стандартов и гарантии качества |
| 6 | Сармашева Куляш Конировна | Руководитель офиса регистратора |
| 7 | Жумабаева Лаула Орынбасаровна | Руководитель Центра образовательных ресурсов |
| 8 | Сапаров Кайрат Канатович | Руководитель Центра карьеры и профориентации |
| 9 | Кулиманова Маржангуль Рахашовна | Руководитель библиотеки |
| 10 | Иманбаев Ержан Иманбайұлы | Руководитель Управления науки и исследований |
| 11 | Елхан Малика | Руководитель международного офиса |
| 12 | Байболатов Ергали Маратович | и.о. Руководителя управления информационных технологий |
| 13 | Дюзденбаева Роза Оразовна | Руководитель управления Маркетинга и Коммуникаций |
| 14 | Тұрлыбек Аслан Еділханұлы | Руководитель Управления социальной поддержки и развития молодежи |

**Декан факультета**

| **№** | **Ф. И. О.** | **Ученая степень, звание, с какого года работает в университете** |
|---|---|---|
| 1 | Садыркулов Рауан Нургалиевич | Доктор PhD, Декан ШО, с 2020-2021 |

**Лидер ОП**

| **№** | **Ф. И. О.** | **Ученая степень, звание, с какого года работает в университете** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Бекенжан Жанилаш Бексиықызы | Лидер ОП Педагогика и психология |

**Преподаватели выпускающей кафедры**

| № | Ф. И. О. | Должность | Ученая степень и звание |
|---|---|---|---|
| 1 | Аренова Асыл Хадыржановна | профессор | Доктор педагогических наук, профессор |
| 2 | Егенисова Алмажай Кулжановна | Профессор | Кандидат педагогический наук, ассоцированны професор |
| 3 | Сапарбаева Шолпан Сапарбайқызы | доцент ШО | к.п.н. |
| 4 | Баярыстанова Эльмира Темирхановна | доцент ШО | к.п.н. |
| 5 | Садуахасова Айгуль Бекежановна | ст.преподаватель | магистр педагогики и психологии |
| 6 | Ерубаева Айтжамал Рамазановна | старший преподаватель | магистр |

**Студенты 3-4 курсов**

| № | Ф. И. О. |
|---|---|
| 1 | Андирова Бибісара Жағысбайқызы |

| | |
|---|---|
| 2 | Таджикулова Алтынай Султановна |
| 3 | Нурнепес Жансая Меккеқызы |
| 4 | Табылдиева Қазына Дүйсенғалиқызы |
| 5 | Измуханова Ұлмекен Жангельдиқызы |
| 6 | Кулова Раушан Парахатовна |
| 7 | Молдабаева Нуржемал Новрузбаевна |
| 8 | Базар Айгерім Қобланқызы |
| 9 | Кисбай Гауһар Ахметқызы |
| 10 | Ирдыкасенова Айгерім Жалғасбайқызы |

**Магистранты**

| № | Ф. И. О. | Курс |
|---|---|---|
| 1 | Темірбай Жазира | 2 |
| 2 | Қайнарбай Амангул | 2 |
| 3 | Едилова Нұрзила | 2 |
| 4 | Кашиева Алия | 2 |
| 5 | Жумағали Назира | 2 |
| 6 | Слах Айкүміс | 1 |
| 7 | Семирханова Диана | 1 |
| 8 | Қожабергенова Нүргүл | 1 |
| 9 | Сагиндикова Карылгаш | 1 |
| 10 | Нұрсұлтанова Айнұр | 1 |

**Докторанты**

| № | Ф. И. О. | Курс |
|---|---|---|
| 1 | Керимова Бауыржан | 2 |
| 2 | Серикбаева Айгул | 3 |
| 3 | Жанисенова Алия | 3 |
| 4 | Атшыбаева Нұршат | 1 |
| 5 | Тарих Айым | 2 |

**Представители работодателей (5 работодателей)**

| № | Ф. И. О. | Место работы, должность |
|---|---|---|
| 1 | Саттұрғанова Айдана | №16 мектеп |
| 2 | Исамбай Нұржамал | №12 мектеп |
| 3 | Айтжанова Ақжарқын | №28 мектеп |
| 4 | Елгондиева Айгерім | №28 мектеп |
| 5 | Бекмұханберова Алмагүл | №16 мектеп |

**Выпускники (5 выпускник бакалавр)**

| № | Ф.И.О. | Специальность, год окончания |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Лыконова Альбина | 2020 |
| 2 | Баянғали Нұршат | 2019 |
| 3 | Алибекова Нұршат | 2019 |
| 4 | Жанадилова Айгерім | 2020 |
| 5 | Ибраимова Марал | 2020 |

**Выпускники (5 выпускник магистр)**

| № | Ф.И.О. | Специальность, год окончания |
|---|---|---|
| 1 | Сағындықова Әлия | 2019 |
| 2 | Көшкінбаева Сауле | 2019 |
| 3 | Теңізбаева Сымбат | 2020 |
| 4 | Қуат Ағзира | 2020 |
| 5 | Бекесова Ажар | 2020 |

**Выпускники (5 докторант)**

| № | Ф.И.О. | Специальность, год окончания |
|---|---|---|
| 1 | Жайлау Бахтыбай | 2019 |
| 2 | Таджибаева Жибек Алдабергеновна | 2020 |

*Қосымша 3*

## ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар

1. Жұмыс оқу бағдарламасы
2. Академияның саясаты, миссиясы
3. Газета «ЛиМоНад»
4. ЖОО-ның веб-сайты
5. Практика бағдарламасын және практикаға бағыттау бұйрықтарын
6. Диплом тақырыптарын бекіткені туралы бұйрықтары
7. ПОҚ-тың жүктемелері